



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№83 (10483) 23 ҚАЗАН, БЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



Ардақты ағайын, қадірлі маңғыстаулықтар!

Сіздерді Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!
25 қазан – халқымыздың тарихындағы айрықша күн. Бұл – Қазақстанның дербес мемлекет ретінде өз жолын айқындап, тәуелсіздік пен егемендікке нық қадам басқан сәт. Республика күні – халқымыздың бірлігі мен елдік рухының, азаттыққа деген ұмтылысының мерекесі.
Тәуелсіздік жылдарында еліміз саяси тұрғыдан орнығып, экономикалық және әлеуметтік жағынан айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Бүгінгі Қазақстан – халықаралық беделі биік, аймақтық дамудың көшбасшыларының бірі.
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұсынған жаңғыру бағыты – ел дамуының жаңа кезеңі. Президентіміз атап өткендей, әрбір азамат еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосқанда ғана халқымыздың болашағы жарқын болмақ. Бұл ортақ мақсат – бәрімізді біріктіретін ұлы мұрат.
Осы мерекелі күні баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін! Еліміздің еңсесі биік, тәуелсіздігі тұғырлы болсын!
Елдігіміз мәңгі, бірлігіміз берік болсын, қадірлі жерлестер!

Нұрдаулет ҚИЛЫБАЙ,
Маңғыстау облысының әкімі.

ТРАНСКАСПИЙ БАҒЫТЫ – ЕКІ ЕЛГЕ ЖАҢА СЕРПІН



ЕУРАЗИЯНЫ ЖАЛҒАЙТЫН ОРТА ДӘЛІЗ

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӘЗІРБАЙЖАН АРАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛДІ. АҚОРДА РЕЗИДЕНЦИЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ИЛЬХАМ ӘЛИЕВТІҢ РЕСМИ КЕЗДЕСУІ ӨТТІ.

Кездесу аясында қос ел Президенттеріне Орта дәлізді дамыту жобасы таныстырылды. Ол – Қытай мен Орталық Азия мемлекеттерін Каспий арқылы Әзірбайжан, Грузия және Түркия аумағы арқылы Еуропамен байланыстыратын негізгі көлік-логистикалық бағыт. Қазақстан Президентінің кеңесшісі Әсел Жанасова мемлекеттер басшыларына жобаның қазіргі ахуалы мен алдағы жоспарлар жөнінде баяндап, қазақ және әзірбайжан мамандарының Орта дәлізді дамыту бағытында атқарып жатқан жүйелі жұмыстары туралы мәлімет берді.
Бүгінде Қытайдан Әзірбайжанға жүк 15–18 күн ішінде жеткізіледі. Бұл көрсеткіш Транскаспий бағытының тиімділігін көрсетеді. Сарапшылардың бағалауынша, 2030 жылға қарай осы бағыттағы жүк айналымы үш есеге дейін ұлғаюы мүмкін.
Президенттерге Орта дәліздің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ Еуразиядағы транзиттік рөлін күшейтуге бағытталған нақты шаралар мен бастамалар туралы егжей-тегжейлі ақпарат ұсынылды.

» 3

• БҮГІНГІ САНДА

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІ БИІК



» 6

КӘСІП БАТЫЛ ҚАДАМНАН БАСТАЛАДЫ



» 8

ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРУ – ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ӨЗЕГІ

МАҢҒЫСТАУ ӨНІРІНДЕ ӨНДІРІС САЛАСЫНА ЖАҢА ЛЕП, ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕТІН МАҢЫЗДЫ БАСТАМА ЖҮЗЕГЕ АСТЫ. РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА АҚТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІП АЙМАҒЫНДА ЕКІ ЖАҢА ӨНДІРІСТІК ЦЕХТЫҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУЫ БОЛДЫ.



Салтанатты іс-шараға Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қылыбай, жетекші мұнай-газ компанияларының және өнеркәсіптік кәсіпорындардың өкілдері талқыланды. Іс-шарада жаңа жобалардың ел экономикасы үшін маңызы, өңірдің өнеркәсіптік дамуындағы орны кенінен талқыланды. Жаңа өндіріс орындары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңдеуші өнеркәсіпті дамыту, технологиялық тәуелсіздікті күшейту және отандық кәсіпорындарды қолдау жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында жүзеге асырылып отыр.
Жобалардың бірі – икемді полимерлі арматураланған құбырлар шығаратын инновациялық цех. Бұл Қазақстанда алғаш рет іске қосылған, осындай үлгідегі толық локализацияланған өндіріс орны болып отыр. Жобаға 3,5 миллиард теңге инвестиция салынған. Цехтың өндірістік қуаты жылына 300 шақырымға дейін құбыр шығаруға мүмкіндік береді. Өндірілген өнім мұнай-газ және химия өнеркәсібінің қажеттіліктеріне арналмақ.
Екінші цех болат және сорап-компрессорлық

құбырлардың ішкі бетіне антикоррозиялық жабын жағуға маманданған. Мұндай технологиялық шешім құбырлардың беріктігін арттырып, олардың қызмет ету мерзімін ұзартады. Бұл жобаға 5 миллиард теңге инвестиция құйылған, ал өндірістік қуаты жылына 600 шақырымға дейін өнім шығаруға есептелген. Мұндағы өнім мұнай, газ және жоғары қысымдағы химиялық сұйықтықтарды тасымалдау кезінде қолданылады.
Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қылыбай жаңа өндірістік нысандардың іске қосылуын өңірдің экономикалық әлеуетін арттыру жолындағы маңызды қадам деп бағалады.
– Осындай заманауи өндіріс орындарының ашылуы – Мемлекет басшысының жүйелі өнеркәсіптік саясатының нақты нәтижесі. Бұл өңір экономикасына жаңа тыныс беріп, жергілікті кадрлардың дамуына мүмкіндік тудырады. Ең бастысы – өз елімізде өндірісті күшейту арқылы ұлттық өнеркәсіптің тәуелсіздігін нығайтамыз, – деді өңір басшысы.

Өз тілшіміз.

• ҚЫСҚА-НУСҚА

КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

Мұнайлы ауданының Айрақты ауылында 900 орындық №21 мектеп ашылды. Бұл – «Келешек мектептері» жобасы аясында облыстағы он бірінші мектеп. Білім ордасында 45 кабинет, STEM, робототехника және инклюзивті білім беру бөлмелері бар. Жыл соңына дейін Ақтау мен Жаңаөзенде тағы екі мектеп ашылады.

КАСПИЙ АСТЫМЕН ЦИФРЛЫҚ КӨПІР

Каспий арқылы өтетін оптикалық кабельдің үлгісі әзірленіп жатыр. Бұл туралы «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Бағдат Мусин Үкімет отырысында мәлімдеді. «Жақында зауытта кабельді құрастыру басталады. Келесі жылдың мамыр айына дейін кабель Каспий теңізіне дейін жеткізіледі. Төсеу жұмыстарын жаздың соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз», – деді Бағдат Мусин.

100-ДЕН АСТАМ ІС-ШАРА ӨТЕДІ

Маңғыстау облысында 25 қазан – Республика күніне орай 100-ден астам мәдени-спорттық іс-шара өтеді. Аталған жоспар төрт негізгі бағытты қамтиды. Олардың қатарында ұйымдастыру-дайындық іс-шаралары, ақпараттық-имидждік жұмыс, салтанатты іс-шаралар және жалпы республикалық іс-шаралар бар.

«ЭврикаОлеум» ЖШС

27.11.2025 жылы сағат 11:00-де Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл а. о., Боранқұл а., Тәуелсіздік көшесі, 16 «а» (Мәдениет үйі) мекен-жайында жобалар бойынша тыңдаулар өтетінін хабарлайды:

- «ЭврикаОлеум» ЖШС «Култук» кен орнының көздерінен шығарындылардың рұқсат етілген нормативтерінің жобасы 2026-2027 жылдарға;

- «ЭврикаОлеум» ЖШС «Култук» кен орнындағы қалдықтарды

басқару бағдарламасының жобасы 2026-2027 жылдарға;

- «ЭврикаОлеум» ЖШС «Култук» кен орны үшін өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы 2026-2027 жылдарға;

- «Култук» кен орнына арналған ППМ жобасы.

«ЭврикаОлеум» ЖШС

27.11.2025 жылы сағат 12:00-де Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл а. о., Боранқұл а., Тәуелсіздік көшесі, 16 «а» (мәдениет үйі) мекен-жайында жобалар бойынша тыңдаулар өтетінін хабарлайды:

- «ЭврикаОлеум» ЖШС ПСН «Саркамыс» көздерінен шығарындылардың рұқсат етілген нормативтерінің жобасы 2026-2027 жылдарға;

- «ЭврикаОлеум» ЖШС ПСН «Саркамыс» қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы 2026-2027 жылдарға;

- «ЭврикаОлеум» ПСН «Саркамыс» үшін өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы 2026-2027 жылдарға;

- ПСН «Саркамыс» арналған ППМ жобасы.

Нысанның әсер ету аумағы: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл а.о., Боранқұл а. Географиялық координаттары өндік–45.928001, бойлық – 53.592537.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Эврика Олеум» ЖШС, БСН: 13114001034, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Еділ Ерғожина көшесі, 27, «Fortis» бизнес орталығы, 6-қабат, тел: +7-702-419 0246.

Жобаларды әзірлеушілер: «Eco Future Company» ЖШС, Ақтөбе қ., Жағалау к-сі, 81 «б», тел.: 8 702 616 9191. e-mail: ecofuturekz@mail.ru.

Ақпараттық жүйедегі сілтеме: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>

kz/, онда сіз қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен және жарияланған қоғамдық тыңдау хаттамасымен таныса аласыз.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/man-gystau-eco> және электрондық пошта арқылы: mangystautabigat@gmail.com.

Онлайн режимдегі қоғамдық тыңдауларға қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/7198071806?pwd=AOuoxpbGTuS01ZwaWc5Pfg9a4ioObY.1&omn=71550411303>

<https://us04web.zoom.us/j/7198071806?pwd=AOuoxpbGTuS01ZwaWc5Pfg9a4ioObY.1&omn=72109277413>

Конференция идентификаторы: 719 807 1806

Кіру коды: 9nBePJ

«КазГПЗ»

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2025 жылғы 28 қарашада сағат 13:00-де төмендегі мекен-жайда: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, өндірістік аймақ, әкімшілік ғимарат, «КазГПЗ» ЖШС акт залы мекен-жайы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы:

«Жаңаөзен қаласындағы «КазГПЗ» ЖШС компрессорлық цехы аумағында навеспен жабдықталған қосымша компрессорлық қондырғыларды салу» жобалық құжаттамасының құрамындағы қоршаған ортаны қорғау бөлімі, нормативтік-түсіндірмелі шығарындылар жобасы (НДВ), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЗБ), қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспары (ҚОШЖ).

Қоғамдық тыңдауды өткізу негізі:

«КазГПЗ» ЖШС-нің 2026 жылға арналған әсер етуге экологиялық рұқсат алу шеңберінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру (I санаттағы объектілер үшін).

Өндірістік объектінің атауы:

Газ өңдеу зауыты.

Қатысушыларды тіркеу қоғамдық тыңдау басталардан 1 сағат бұрын жеке куәлік арқылы жүргізіледі (жеке куәлікті өзімен бірге алу қажет).

Қосылу тәсілдері туралы ақпаратты 8-777-065-35-46 телефоны арқылы алуға болады.

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда тыңдау Zoom конференциясы арқылы онлайн форматта өткізіледі.

Zoom конференциясына қосылу:

<https://us05web.zoom.us/j/2055916776?pwd=PdnPMcu3JYKbCRXiiVlxv9l49u5ou.1&omn=87050068695>

Конференция идентификаторы: 205 591 6776.

Кіру коды: CIDL8w.

Тапсырыс беруші: «КазГПЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН: 061040003532.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 130200, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Өндірістік аймақ 1, 15 «Г» ғимарат, тел.: +7 (72934) 64-719.

Электрондық пошта: a.kurakbaeva@kazgppz.kmg.kz

Жобалаушы және орындаушы: «ЭКОСЕРВИС-С» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., БСН: 0201400 00105.

Мекен-жайы: Алматы қ., Төле би көшесі, 202 «а», 408-кеңсе, тел.: 8-705-510-08-05 (WhatsApp), 8-777-065-35-46, +7 (7232) 75-26-76, +7 (727) 250-34-08.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14-ықшам аудан, 1-ғимарат, тел.: 8 (7292) 46-21-31, эл. пошта: mangystautabigat@gmail.com.

«КСОІ» ЖШС қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр	
Жобаның атауы:	– 2026-2031 жылдарға арналған эмиссиялар (РЕШН) нормативтерінің жобасы, – 2026-2031 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), – 2026-2031 жылдарға арналған экологиялық бақылау бағдарламасы (ЗББ), – 2026-2031 жылдарға арналған Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары
Қоғамдықтың даулар өткізілетін күн, уақыт және орын:	2025 жылғы 28 қарашада сағат 15:00-де Маңғыстау облысы, С.Шапағатов ауылы, мәдениет үйі ғимараты мекен-жайы бойынша. Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары:43.878242, 51.010220
Атауы және тапсырыс берушінің деректері:	«Казахстан Каспиан Оффшор Индастриз» ЖШС, 130501, С.Шапағатов ауылы (28 км), Түпқараған ауданы, Маңғыстау облысы, Қазақстан Республикасы. Эколог: Жанар Бисенова, эл.почта: zhanar.bissenova@kcoi.kz , www.kcoi.kz
Әзірлеушінің атауы және байланыс деректері:	«TIM Eco Project» ЖШС, 11-ш/а., 22-ғ, тел: +7 (701) 999 6764, эл.почта: timecoproject@gmail.com
Интернеттегі байланыс сілтемесі:	https://us04web.zoom.us/j/76315297698?pwd=oYmZzXAXSpr9eUtHQbh7p6TUFDxKe.1 Конференция индификаторы: 763 1529 7698. Кіру коды: xaGPP3
Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы:	https://ndbecology.gov.kz/
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері:	«Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Жобаларды экологиялық сараптау бөлімі - бас маман Сабина Базарбай, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.8(7292) 43-10-88; моб.+7 (778) 113-9897

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА арналған

ТЕЛЕФОН: 20-48-42

Тәрбиеші мамандығым — МАҚТАНЫШЫМ

ТӘРБИЕШІ – АТЫ АЙТЫП ТҰРҒАНДАЙ ТӘРБИЕ БЕРУШІ, ЖОЛ КӨРСЕТУШІ, БАЛА ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ. ӨЗГЕНІҢ БАЛАСЫН ӨЗ БАЛАНДАЙ ЖАҚСЫ КӨРУ – ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ БОЙЫНДАҒЫ АСЫЛ ҚАСИЕТ.

Таңертеңнен балаларды қабылдау, әңгімелесу, сұрақтар беру, олардың жауаптарын тыңдау, ертеңгілік жаттығу жасатып денсаулықтарына да мән беру осы балабақшадан бастау алады.

Бала кезімнен мата киып, қолөнермен айналысуды жаным қалайтын, қолөнерге, тігіншілікке жақын болдым. Өсе келе бала жанының бағбаны тәрбиеші болуды тандап, тігіншілікті де қоса алып келемін.

Әрбір істің өзіне тән қызығы мен қиындығы болады. Тігін өнері адамды шыдамдылыққа, икемділікке, жауапкершілік пен тиянақтылыққа үйретеді. Бұл– көз майын тауысып істейтін шығармашылық еңбек. Өзім тіккен бұйымдарыма қарасам, әрқашан қуаныш сыйлайды. Тапсырыс берушілердің алғысы, ризашылығы мен жылы лебізі мені шабыттандырады. Еңбек адамды өсіреді, мақсатына жетелейді, қанаттандырады. Алдымен ерінбей, алға қойған мақсатыңа қарай қадам басу керек. Еңбек еткен адам оның жемісін көреді.

Биыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» болғандықтан Балназым, Зере, Сафия , Әмина, Нұрдана қыздарымды тігінші мамандығының қыр-сырымен таныстырдым. Тігін машинасымен жұмыс жасауды, матаны пішу, үтектеу, ыстық желіммен сәндеуді үйреттім. Қауіпсіздік шараларын да естен шығармадым. Қолөнер, тігіншілік – бүгінде табысты кәсіптің бірі. Өйткені қазір қолдан жасалған бұйымдарға сұраныс артқан. Тігінші мамандығымен таныстырудағы мақсатым – тігіншіліктің маңыздылығын түсіндіру, киімінің әдемі әрі ыңғайлы болуына тігіншінің еңбегі арқылы қол жеткізілетіні жайлы ұғындыру. Қыз балалардың ұқыптылыққа, әдемілікке, сән-салтанатты бағалай білуге деген қызығушылығын арттырдым. Балалардың қол еңбегіне деген бейімділігін дамытып, фетр матасынан қолдорба жасай білуге және оны сәндеуге үйреттім. Өздері сәндеген қолдорбаларын сыйлыққа бердім. Еңбек ету барысында бір-біріне көмектесіп, ұжымдық жұмысқа араласуға дағдыландырдым. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбекті қадірлей білуге, кәсіп иелерін құрметтеуге тәрбиеледім. Шығармашылық қиялын, эстетикалық талғамын дамытып, болашақ мамандық таңдауға деген алғашқы түсініктерін қалыптастырдым.

Қорыта келе айтарым, тәрбиенің бастауы, мамандықты таңдауы балабақшадан басталады. Біздің балабақша ұжымының беріп жатқан тәрбиесі ұшан-теңіз. Мектепке кетіп бара жатқанда балаларымызбен қимай қоштасамыз. Олардың алдағы өмірлеріне, мектепте жақсы оқуына, болашақта мықты маман иелері болуына үлес қосқанымыз үшін мақтанамыз. Жылдар өте келе балаларым мені жылы лебізбен, ризашылықпен еске алса, мен шексіз бақыттымын.

Айнұр ЖУХАЕВА,
№6 Өркен бөбекжайының тәрбиешісі.

БІРЛІКТІҢ БАСТАУЫ

21 ҚАЗАН КҮНІ МЕКТЕБІМІЗДЕ РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ «МЕНИҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН!» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ БОЛДЫ.

Мақсаты – өскелең ұрпақты елін, жерін сүйуге, Отанын құрметтеуге тәрбиелеу. Концертке ауданымыздағы Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып білім алушылары көрермен ретінде қатысып, көрме мен концертті тамашалады. Шарада патриоттық әндер шырықалып, би билеп, түрлі аспапта шығармалар ойналды. Көрермендер үшін тәрбиелік мәні зор, жақсы көңіл-күй сыйлаған концерт болды. Мұндай шаралар алдағы уақытта да білім беру ұйымдарымен тығыз байланысты нығайту үшін жалғасын таба бермек!

Салтанат АСҚАРОВА,
Құлшар Бақтыбайұлы атындағы Бейнеу балалар өнер мектебінің директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

ЕСЖАНОВ МЕЙІРМАН АРСЫЛАНБЕКУЛЫНЫҢ АТЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТКЕРЛІК КУӘЛІГІ БЕЛГІСІЗ ЖАҒДАЙДА ЖОҒАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН.

👤

"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС ЖАРНАМА БӨЛІМІ

☎

8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында

📞

8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы

MAŇGYSTAŮ MEDIA

подписка через Halyk Bank



подписка через Kaspi Bank



ПОГОДА СЕГОДНЯ:

ДЕНЬ +13 +21
НОЧЬ +9 +12

Газета выходит во вторник и четверг

МАНГИСТАУ

Издаётся с июля 1967 года

ЧЕТВЕРГ

23 октября 2025 года

№№ 87-88 (13237-13238)

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ

*Дорогие земляки,
уважаемые мангистаусцы!*

Примите искренние
поздравления *с Днем Республики!*



25 октября — особая дата в истории нашего народа. Это день, когда Казахстан определил свой собственный путь как самостоятельное государство, уверенно сделав шаг к независимости и суверенитету. День Республики — это праздник единства народа, национального духа и стремления к свободе.

Сегодня под руководством Главы государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева наша страна уверенно движется по пути обновления и устойчивого развития. Предложенный Президентом курс является новым этапом в истории независимого Казахстана, направленным на построение справедливого, сильного и процветающего государства.

За годы независимости Казахстан укрепился в политическом плане, достиг значительных успехов в экономическом и социальном развитии. Сегодняшний Казахстан — это государство с высоким международным авторитетом, один из лидеров регионального прогресса.

Как отметил Президент, только когда каждый гражданин внесет вклад в процветание Родины, будущее народа станет светлым. Эта общая цель — великая идея, объединяющая всех нас.

В этот праздничный день желаю крепкого здоровья, благополучия и процветания вашим семьям! Пусть наша страна будет сильной, а независимость — непоколебимой!

Пусть казахстанская государственность будет вечной, а единство — нерушимым, дорогие земляки!

С уважением,
аким Мангистауской области
Нурдаулет КИЛЫБАЙ



